

Мырзабеков М.С.,
Мырзабекова Р.С.

**АҚШ-тың сыртқы саясаты
және «Үлкен Орталық Азия»
жобасының мақсаты мен
міндеттері**

Мақалада «Үлкен Орталық Азия» (ҮОА) құру жобасы талқыланған. Авторлар Вашингтон бақылауындағы орталық-азия мемлекеттері мен Ауғанстанды біріктіретін Үлкен Орталық Азияның ынтымақтастығы мен дамуының мәні ашып көрсетілген. Мақалада авторлар аталған жобаның әртүрлі аспектілеріне көңіл бөлген. Аталған жоба американдық сарапшылық қауымдастықта кеңінен талқыланған. Бірақ аталған тақырып өзінің өзектілігі мен маңыздылығына қарамастан, «Үлкен Орталық Азияны» құру идеясын даярлау іс жүзінде зерттелмеген. Аталған мәселеге арналған американдық зерттеулер өте аз, ал, отандық зерттеушілер бұл тақырыпты арнайы қарастырмаған. Осыған байланысты аталған мақаланың мақсаты американдық саяси және сарапшылық қауымдастықта «Үлкен Орталық Азия» идеясы үдерісін зерттеу болып табылады.

Түйін сөздер: Үлкен Орталық Азия, АҚШ геосаясаты, бәсекелестік, қауіпсіздік, аймақ, геосаяси мүдделер, экономикалық мүдделер.

Myrzabekov M.S.,
Myrzabekova R.S.

**US Foreign Policy and the goal
and objectives of the project
«Greater Central Asia»**

In article analyzed the project of creation so-called «Big Central Asia» (BCA). Authors open an essence of the project, on cooperation and development of Big Central Asia (BCA), uniting the Central Asian states and Afghanistan under control of Washington.

In article authors paid attention to various aspects of the project. This project was widely discussed in the American expert community. However, despite the relevance and importance, a question of development of idea of creation of «Big Central Asia» not studied fully. American works devoted to this matter isn't enough, and it is specially not considered by domestic researchers. Thereof, the purpose of article is studying of process of formation of idea of «Big Central Asia» in American political and expert community.

Key words: Large Central Asia, geopolitics of the USA, rivalry, safety, region, geopolitical interests, economic interests.

Мырзабеков М.С.,
Мырзабекова Р.С.

**Внешняя политика США и цель
и задачи проекта «Большой
Центральной Азии»**

В статье анализируется проект создания так называемой «Большой Центральной Азии» (БЦА). Авторами раскрывается суть проекта по сотрудничеству и развитию Большой Центральной Азии (ПБЦА), объединяющего центральноазиатские государства и Афганистан под контролем Вашингтона. В статье авторами уделено внимание различным аспектам проекта. Этот проект широко обсуждался в американском экспертном сообществе. Однако, несмотря на свою актуальность и важность, вопрос разработки идеи создания «Большой Центральной Азии» практически не изучен. Американских работ, посвященных данному вопросу, крайне мало, а отечественными исследователями он специально не рассматривался. Вследствие этого целью статьи является изучение процесса формирования идеи «Большой Центральной Азии» в американском политическом и экспертном сообществе.

Ключевые слова: Большая Центральная Азия, геополитика США, соперничество, безопасность, регион, геополитические интересы, экономические интересы.

**АҚШ-ТЫҢ СЫРТҚЫ
САЯСАТЫ ЖӘНЕ
«ҮЛКЕН ОРТАЛЫҚ
АЗИЯ» ЖОБАСЫНЫҢ
МАҚСАТЫ МЕН
МІНДЕТТЕРІ**

XIX ғасырдағы Британ және Ресей отарлық империяларының Орталық Азияға енуі және олардың мүдделерінің қақтығысын «Great Game» («Үлкен ойын») деп атайды. Бұл аймақты бағындыру империялардың кез-келгенін алпауыт мемлекетке айналдыра алады, бірақ, оны өзге әлемге де қарсы қоятын еді. Нәтижесінде, Британия мен Ресей ымыраға келді. Сөйтіп, географиялық, тарихи, мәдени жағынан біртекті болған аймақ, ықпал ету аймағына бөлініп, бір ғасырға өзінің геосаяси маңызынан айырылып қалды.

КСРО ыдырағаннан кейін, сыртқы ықпалға жабық болған аймақ қайтадан ұлы державалар мүддесінің қақтығыс аренасына айналды. Орталық Азия халықаралық қауымдастықты тек бай шикізат көздерімен ғана емес, географиялық орналасуымен де қызықтырады. Бұндай орналасу Батыс-Шығыс, Солтүстік-Оңтүстік сияқты жаңа трансұрылықтық транспорт дәлізін қалыптастыруға ыңғайлы. Бұл ұмтылыс – ХХІ ғасырдың жаңа геосаяси шындығы [1, с. 6-8].

АҚШ-тың Орталық Азияға қатысты сыртқы саясаты салыстырмалы түрде алғанда таяуда пайда болды. Дегенмен, АҚШ деректерінде Орталық Азия туралы мәлімет XIX ғасырдан бастап орын алған. Орталық Азия туралы америка деректерінің ішіндегі көрнектісі «Түрікстан» деген еңбек. Оның авторы америка ғалымы және дипломаты Юджин Скайлер (1840-1890). Ол бір-біріне ұқсамайтын екі қоғамдағы қоғамдық-саяси дамудың салыстырмалы талдауын жасады [2, с. 89].

Британ географы және геосаясатшысы Х.Маккиндер 1904 жылы мемлекет саяси жүйесінің солтүстік және оңтүстік тобына бөлінетінін жазды. Еуразия құрылығының географиясын сипаттай келе, Х. Маккиндер оны қоныстанушы халықтардың әртүрлілігін, өркениеттік даму деңгейін қарастырады. Ұлыбритания, Канада, АҚШ, Оңтүстік Африка, Австралия, Жапония сыртқы аралдық теңіз және сауда державалары, су жолдары жоқ Еуразия мемлекеті үшін қолжетімсіз деп көрсетеді.

Америка саясаткері Н.Спайкмен екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында-ақ АҚШ-тың ғаламдық сыртқы стратегиясының «геосаясаттың гуманистік түрін» ойлап тауып қойған. Х.Маккиндер концепциясына сүйене отырып, ол «Кім жағалауды (римленд) бақыласа, сол Еуразияны бақылайды, ал кім Еура-

зияны бақыласа, ол әлемнің тағдырын бақылайды» деген жаңа анықтама берді [3, с. 14]. Келесі американдық саясаттанушысы Г.Уайджер «соғыстан кейінгі кезеңде Америка Еуразияның империализмнің барлық формаларынан азат болуына үлес қосып, ол жерде еркіндік, демократия, американдық өмір сүру үлгісін бекіту керек», - деген [4, с. 301].

1997 жылғы АҚШ ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы Орталық Азия аймағы туралы былай деп жазған: «Орталық Азия мемлекеттері тұрақты және гүлденген. Жерорта теңізі мен Қытайға дейін тұрақтылық пен қауіпсіздіктің орнауына көмектесіп, халықаралық нарыққа Каспий мұнайы мен газын АҚШ-тың коммерциялық араласуымен тасымалдауға қолдау көрсетеді» [5].

Қазіргі кезде геосаяси жағдайлардың маңыздылығы – Орталық Азиядағы шикізат қоры мен транспорттық әлеуетіне байланысты АҚШ пен ЕО бұл аймақтан орын алуға белсене ұмтылып отыр. Орталық Азия Закавказьемен бірге «АҚШ-тың өмірлік маңызды» аймақтарының бірі ретінде жарияланған. АҚШ-тың, ЕО-ның, НАТО-ның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін географиялық кеңістік қатарына Парсы шығанағы бассейнімен қатар, Орталық Азия мен Закавказье де кіргізілген [6, с. 34-35]. Яғни, Орталық Азия аймағының тарих пен қазіргі әлемде алып отырған сипаттамасы америка сарапшыларына АҚШ сияқты жетекші державаға бүкіл әлемге бақылау жасауға мүмкіндік беретін географиялық кеңістік керек деп пайымдауға болады. Осы бағытта алғанда еуразиялық құрылық дүниенің орталығы – «әлем жүрегі» болып табылады.

1990 жылдардың басында Г.Фуллер Орталық Азиядағы болашақ америка саясаты туралы мазмұнды болжау жасады. АҚШ-тың аймақтағы мүдделері туралы айта келе, автор аймақтағы кейбір қауіптің ушығуы АҚШ мүддесіне қалай әсер етеді деген мәселені қозғады [7, с. 77]. Збигнев Бжезинский пікірі бойынша, Орталық Азия елдері Ауғанстан сияқты алпауыт мемлекеттер – АҚШ, Ресей, Қытайдың геосаяси ойындары өтіп жатқан «шахмет тақтасы» болып табылады. Осыған орай аталған бәсекелестік АҚШ пен Ресей арасында Орталық Азия үшін ашық түрдегі карама-қайшылыққа алып келмейді ме? - деген сұраққа жауап іздеді.

КСРО ыдырағаннан кейінгі алғашқы жылдарда Ресей елдің ішіндегі ұлтшыл-империяшыл күштердің қысымымен посткеңестік кеңістікте пайда болған тәуелсіз мемлекеттердегі саяси оқиғаларды жіті бақылауына алды. Себебі бұл елдер тәуелсіздіктерінің алғашқы жылдарында

АҚШ-пен тығыз қарым-қатынас орната бастаған болатын. Бұл жағдай Ресейдің мазасын алды. Ресейлік тарихшы әрі саясаттанушы А. Уткин осыған қатысты «американдар Орталық Азияға Ресейдің ықпалынан көрі, аймаққа Қытайдың баса-көктеп кіруінен және исламдық фундаментализмінен қауіптенеді. Аталған екі фактор АҚШ-тың Орталық Азиядағы мүдделеріне сай келмейді» деген болатын [8, с.84].

Ал ресейлік зерттеуші А. Казанцев: «Орталық Азияның «орталықтығының» геосаясаты және аймақ мемлекеттерінің сыртқы көмекке зәрулігі алып мемлекеттердің (ҚХР, Ресей, АҚШ, ЕО елдерінің, Үндістанның және т.б. елдердің) олардың істеріне белсенді араласуларына түрткі болуда». Аталмыш үдеріс келешекте де өз жалғасын табуы мүмкін және бұндай жағдайда, аталған үдеріс алып мемлекеттердің («жаңа Үлкен ойын») аймақтағы бәсекелестігі формасына ұласуы міндетті емес. Бұл жерде әңгіме алып мемлекеттер аймақтағы маңызды мәселелерді (мысалы, терроризм, есірткі мен қару-жарак саудасы және т.б.) шешу барысында бір-бірімен ынтымақтастығы жөнінде болып отыр. Аймаққа қатысты қызығушылық энергетикалық шикізаттардың болу факторына және оны әлемдік нарыққа тасымалдаудағы маңызды транзиттік маршрутқа, сондай-ақ, Еуразияның Батыс-Шығыс, Солтүстік-Оңтүстік жаңа сауда жолына айналу мүмкіндігіне байланысты арта түсуде» деген пікірді ұстанады [9]. Сондықтан, аймақта қалыптасқан тежеуші факторлардың арқасында таяу арадағы мерзімде Орталық Азия үшін ойын жүргізуші жетекші елдердің арасында бәсекелестікке жол жоқ деген көзқарасты қолдайтын зерттеушілер де баршылық. Көптеген сарапшылар, Орталық Азияға қатысты АҚШ-тың саясаты жаһандық геосаясатпен, ең алдымен, Қытайдың Ресейдің және Иранның аймақтағы ықпалын тежеуге байланысты туындауда деген пікірде.

2001 жылдың 11 қыркүйек оқиғасы және антитеррористік операция АҚШ үшін бұрын жабық болған Орталық Азияда бекініп, аймақта өз әскери базаларын орналастыруға мүмкіндік берді. КСРО күйреген сәттен бастап, Вашингтон әрқашан посткеңестік кеңістікте өзінің толық үстемдігін орнату стратегиясын, демократияны қолдау, тиімді нарықтық экономика құру, Орталық Азия елдерінің аймақтық ынтымақтастығы мен олардың әлемдік қауымдастыққа интеграциялануына қолғабыс жасау болды. Орталық Азия Америка Құрама Штаттары үшін Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының мүдделерін тежеп ұстау қауіпсіздік стратегиясы элементтерінің

біріне айналды. АҚШ саясаткерлері Каспийде үстемдік жағдайды иемденуге тырыспайды, бірақ осы аумақтың энергия ресурстарына еркін қол жеткізуді жақтайды деген позицияны үнемі алға тартуда. Басқаша айтқанда, АҚШ үшін идеал «қандай да бір еркін сауда федерациясын» құру, немесе Орталық Азия мен Каспий аумағының «ортақ нарығын» құру және американдар белгілеген ойын ережесімен әрекет ететін трансұлттық мұнайгаз концерндерінің үстемдігі болып табылады. АҚШ-тың осы ұстанымын талдаған зерттеушілер, АҚШ жетекші алпауыт мемлекет ретінде Орталық Азия аймағында геосаяси үстемдікке ұмтылуда деген пікірге келуде. Аталған жағдай АҚШ-тың осы кездегі «Үлкен Орталық Азия» концепциясында жалғасын табуда.

Алғаш рет Орталық Азия аймағының жаңа геосаяси конфигурациясын қалыптастырған жүйе құраушы дінгегі Джон Хопкинс университетінің Пол нитце атындағы Халықаралық қатынастарды зерттеу жоғары мектебі жанындағы Орталық Азия және Кавказ Институтының сарапшылары болды. Ал аталмыш жоба Орталық Азия және Кавказ Институтының директоры Ф. Старрдың ғылыми мақаласында көпшілікке ұсынылды [10]. Аталмыш жобаға автор шартты түрде – «Үлкен Орталық Азия» құру жобасы деген атау берді. Авторлардың көзқарастары бойынша «Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан біртұтас аймақ екендігін ұғынуға АҚШ-тың осы аймаққа қатысты географиялық бөлініс туралы ұстанымы кедергі келтіруде». Бұл өз кезегінде АҚШ-тың Орталық Азияға қатысты ішкі үйлесімгі берік саясат қалыптастыруына кедергі келтіруде. Мысалы, АҚШ-тың Мемлекеттік Департаменті Орталық Азияның бес мемлекетін Ресеймен бір топқа біріктіріп, Ауғанстанды Оңтүстік Азияның бір бөлігі ретінде қарастырса, Қорғаныс министрлігінің Орталық Қолбасшылығы аталған алты елді бір аймаққа кіргізеді. Мұндай алауыздық АҚШ-тың Ауғанстанда қол жеткізген табыстарын аймақтық деңгейде дамыту қабілетін төмендетуде. АҚШ Орталық Азия аймағының бұрынғы кеңестік бес мемлекетімен Сауда және инвестициялар туралы ауқымды құжатқа қол қойғандығы болмаса, оның осы уақытқа дейін аталған аймақтағы іске асырған барлық шаралары тек екі тарапты деңгейде іске асырылды. Сонымен қатар, Үлкен Орталық Азияның қауіпсіздігі мен оны дамытудың ортақ аймақтық құрылымдары жоқ. Аталған контекстте автор «...АҚШ даярлаған бірқатар бағдарламаларды жобалау, үйлестіру және іске асыру үшін Үлкен

Орталық Азиядағы ынтымақтастық пен даму бойынша аймақтық ынтымақтастық форумын құруды» ұсынды [11, с.127].

АҚШ Орталық Азияда бірқатар стратегиялық мақсатты көздейді:

Біріншіден, терроризмге қарсы шабуыл соғыстарын жүргізу және АҚШ-та шоғырланған қауіпсіздік инфрақұрылымдарды қалыптастыру;

Екіншіден, Ауғанстан мен оның көршілеріне өздерін радикалды ислам мен есірткі саудасынан қорғау үшін мүмкіндіктер беру;

Үшіншіден, аймақтың Таяу Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азия арасында экономикалық және саяси көпір міндетін атқару деңгейіне жеткенге дейін аймақтың экономикасы мен мейлінше маңызды мемлекеттік институттарын нығайту;

Төртіншіден, аймақтың сауда байланыстары мен осыған сәйкес транспорттық инфрақұрылымды нығайту;

Бесіншіден, мұсылман халқы көп өзге де мемлекеттерге үлгі боларлық саяси жүйелерді ынталандыру. Аталған мақсаттарға жетудің шыннайы жолы – ол аймақтың қауіпсіздігі мен экономикалық өсімін қамтамасыз ете отырып, демократиялық құндылықтарды орнықтыру және оларды дамыту.

Осы орайда американдық сарапшылар Орталық Азияны «...ортақ мүдделер мен қажеттіліктер негізінде бірлескен біртұтас аймақ ретінде қарастырады...аймақ деңгейінде іске асырылатын сауда, Орталық Азия елдерінің аймақтан оңтүстікте орналасқан мемлекеттермен қатынастарын ұлғайта түседі...бұл Ресейдің аймақтағы көмірсутегі, электр энергиясы мен мақта экспортына деген монополиясына альтернатива қалыптастырады және сонымен бір мезетте аймақ елдерінің Қытаймен жақындасуына себін тигізеді» [12].

АҚШ-тың Орталық Азиядағы саясатта «геосаяси плюрализмнің» болуын да жоққа шығармайды. Ресми Вашингтон Москва мен Пекинді Орталық Азиядағы модернизация үдерісіне жай қатысып қана қоймай, оларды аймақтың осы үдерістің кепілі мен донорлары болуға шақыруда. Жобаның саяси бөлімінде АҚШ Ресей мен Қытайдың Орталық Азиядағы позицияларын әлсіретуге ұмтылмайтындығы және осы жөнінде аталған елдердің көздерін жеткізу міндеті қойылған. Бұдан өзге АҚШ-тың жоспарында:

– Ресей мен Қытайды Орталық Азиядағы модернизация үдерісінің кепілі ретінде қатысуға шақыру;

– Ресей мен Қытайды бейтараптандыра отырып, Иранды американдық саясаттың тікелей нысанына айналдыру;

– Пакистан, Сауд Арабиясы, Түркия сияқты одақтастарының Орталық Азиядағы мүдделерін ескеру;

– Үндістанның Орталық Азиядағы мүдделерін ескере отырып, бұл елді жоғарыда аталған АҚШ-тың одақтас мемлекеттері қатарына қосу [13, с. 11].

Үлкен Орталық Азия Жоспары (ҰОАЖ) Ресей мен Қытайға Орталық Азияда бірқатар тиімділіктерге қол жеткізуге мүмкіндіктер береді. АҚШ-тың қазіргі таңдағы дипломатиясы Ресей мен Қытайдың ҰОАЖ ауқымында оларға ұсынылған тиімді жағдайларды дұрыс бағалай білуге әрекеттенуде. Атап айтқанда, АҚШ Орталық Азиядағы кедейшілікті жою, экстремистік қозғалыстардың пайда болуына жол бермейді және иммигранттардың Ресейге ағынын тежейді деген ұстанымда болса, шекаралық тәртіпті нығайту, Шыңжаңдағы сепартисттердің белсенділігін төмендетеді деген сенімде. Аймақтың көліктік инфрақұрылымын жетілдіру Батыс Сібір мен Орал үшін Азияға жаңа экспорттық жолдар ашады, ал Қытайдың ШУАР-ы оңтүстікке шығу мүмкіндігіне ие болады.

Дегенмен, «геосаяси плюрализмді» іске асыру ауқымында пайда болатын келесідей мәселелерді атап өтуге болады:

Біріншіден, аталған үш ойыншының бірдебіреуі аймаққа қатысты не саяси, не экономикалық, не энергетикалық даму моделін даярлап қабылдаған жоқ. Аталған үш бәсекелестің Орталық Азияда бірқатар мүдделері, ресурстары және аймақта бекіну концепциялары болды. Мысалы, Қытай өзінің аймақтағы саясатының басты бағыты ретінде – аймақтағы мемлекеттердің экономикалық дамуына қолғабыс жасауды белгілесе, Ресей саясаты аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталды, ал АҚШ саясаты аймақта демократияны орнатып оны дамытуды көздеді.

Бірақ іс жүзінде, не АҚШ, не Ресей, не Қытай декларацияланған мүдделер балансын сақтаған емес. Олардың Орталық Азиядағы қимылдары қалыптасқан жағдайға байланысты бей-берекет түрде жүзеге асырылды. Ендігі жердегі ҰОАЖ осы хаостық қозғалысты «геосаяси плюрализм» ауқымында үйлесімді түрде өзара әрекеттестікке шақыруға қабілетті ме деген мәселеге тірелуде.

Екіншіден, АҚШ-тың принциптері мен шарттары негізінде даярланған аталмыш идея, Ресей мен Қытайдың Орталық Азиядағы басты мүдделерімен қайшылыққа келеді. Себебі, аталған елдердің Орталық Азияның жетекші мемлекеттерімен анағұрлым берік байланыстар орнат-

қан және аймақта жүріп жатқан әскери, саяси және экономикалық үдерістерге белгілі бір деңгейде ықпал ету мүмкіндігі бар. Бұның салдары ретінде АҚШ аталмыш идеяны жүзеге асыру барысында Ресей мен Қытайдың белсенді әрі өзара үлестірілген қарсылығына тап болуы мүмкін.

ҰОА жобасына сәйкес АҚШ-тың жоспарында Түркия мен Үндістан сияқты мемлекеттерді Орталық Азиядағы модернизациялық үдеріске кепіл ретінде шақыру көзделген. Оларға Ресей мен Қытайға берілген өкілеттіктер беріледі. Бұндай жағдайда Үндістан мен Түркияның аймақтағы беделі артып, олар Ресей мен Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық және саяси мүдделерін барынша шектеуі мүмкін. Әрине не Қытай, не Ресей бұндай жағдаймен келісе алмайтындығы белгілі. Бұндай сценарий Ресей мен Қытайға «қарапайым бақылаушы» мәртебесін береді. Сөйтіп АҚШ, Орталық Азиядағы жаңа жағдайға байланысты өзінің «жаңа геосаясатын» іске асыру мүмкіндігіне ие болады.

Орталық Азияда жағдайдың осы сарында дамуы Қытай мен Ресейдің мазаларын кетіруде. Атап айтқанда, Қытай ҰОАЖ-на күдікпен қарайды. Себебі, Қытайдың пікірі бойынша ҰОАЖ Орталық Азия мен Ауғанстанды қамтып қоймайды, қытайлық ШУАР-ды да қамтып, ҚХР-ның территориялық тұтастығына нұқсан келтіруі мүмкін. Бұдан өзге АҚШ өзінің ҰОАЖ іске асырған жағдайда, Қытайдың аймақтағы сауда, энергетика, газ салаларындағы орта және ұзақ мерзімді жоспарларына кедергі келтіреді.

Ресейдің Орталық Азияға қатысты түсінігі мүлдем басқа. Ресей Орталық Азия елдерімен тарихи, әскери-саяси және мәдени-экономикалық байланыстарын ескере отырып, «аталған аймақтағы ықпалын нығайтуға тиімді мүмкіндіктерім бар», – деп санайды.

АҚШ-тың ҰОАЖ жүзеге асыру барысында Ресей мен Қытайдың мазасын алатын ортақ мәселе ол – Кавказдан Памирге дейінгі аралықта антиресейлік және антиқытайлық сипаттағы коммуникациялық жобалардың іске асырылуы. Сондықтан, Орталық Азияда пайда болған мәселелерді Ресей Қытаймен бірлесе отырып шешуі мүмкін. Осы орайда қазақстандық сарапшылар «Ресейдің Орталық Азиядағы өзінің геосаяси ықпалын сақтап қалуға қажетті жеткілікті экономикалық ресурстары болмауы себепті бұл елдің, аймақтық тұрақтылық үшін жауапкершілікті Қытаймен бөлісуіне тура келеді», – деп көрсетеді [14, с. 15-16].

Үлкен Орталық Азия бойынша ынтымақтас-тық пен дамыту әріптестігі Ресей мен Қытайдың

аймақтағы мүдделеріне тікелей қатер төндірмеуі мүмкін. Бірақ, Москва мен Пекин ҰОАЖ іске асыруға қарсылық білдіретіндігі түсінікті. Олар ҰОАЖ-ды АҚШ-тың Орталық Азиядағы ұзақ мерзімді мүдделері мен аймаққа тұрақтап қалуының символы және өздерінің аталған аймақтағы жоспарларына кедергі ретінде қабылдайды. Сонымен қатар, Ресей мен Қытай ҰОАЖ іске асырылуы Орталық Азия елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігіне әсер ету факторларына да көңіл бөледі. Олар үшін ең басты қауіп АҚШ-тың ҰОАЖ негізінде Орталық Азия елдерінің бір-бірімен етене жақын араласуы мен интеграциясы болып табылады. Ресей мен Қытай саясаткерлерінің пікірінше Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциялануы тек сыртқы күштер, яғни АҚШ пен ЕО атсалысулары арқылы жүзеге асатындықтан, аймақ елдері біржола АҚШ пен Батыс Еуропаның ықпалында кетеді деген мәселе олар үшін өзекті болып табылады.

Американдық зерттеуші-ғалым Ш. Хантердің пікіріне сәйкес «геосаяси плюрализмді» іске асыруда АҚШ-қа кедергі келтіретін төрт фактор бар:

– АҚШ пен Орталық Азия елдері арасында, ең алдымен Қазақстанмен қауіпсіздік саласындағы ұстанатын позициялар сай келмейді. Мысалы, Қазақстан Орталық Азияның қауіпсіздігі мәселесінде Ресей мен Қытайдың рөлі мен орнына тиісті мән беруді қолдаса, АҚШ бұл елдердің аталған мәселедегі маңызына жете мән бергісі келмейді. Бұдан өзге АҚШ-тың Иран мен аймақтың өзге елдеріне қатысты ұстанған позициясы Қазақстанның позициясымен сай келмейді.

– АҚШ-тың Орталық Азия аймағы елдерімен жақындасуына бұл елдің аймақтан географиялық шалғай орналасуы кедергі келтіруде. Есесіне, аймаққа іргелес орналасқан Ресейдің АҚШ-пен салыстырғанда Орталық Азия елдерімен тығыз қатынастар орнатуына барлық қолайлы мүмкіндіктері бар.

– АҚШ-тың Орталық Азия елдерінің инфрақұрылымын қайтадан толығымен құрылымдауға қажетті ресурстармен жеткілікті түрде қамтамасыз ету мүмкіндігі шектелген. АҚШ-тың бұл жоспары жүзеге асқан жағдайда, Ресейдің Орталық Азиядағы ықпалы төмендейтін еді.

– АҚШ пен Орталық Азия елдері арасында бұл елдің Иранға қатысты саясатында алшақтық, тіпті мүдделер қайшылықтары бар. АҚШ-тың Иранға қарсы енгізген санкцияларының салдарынан Орталық Азия елдері Иран арқылы әлемдік мұнай мен газ нарығына шығу үшін қажетті құбырлар, көліктік тасымал және коммуника-

циялық байланыстардан қағылды. Бұндай жағдай Орталық Азия аймағы елдерінің аталған мәселелер бойынша Ресейден тәуелділігін арттыра түсті. АҚШ-тың Орталық Азиядағы «геосаяси плюрализм» стратегиясы реформалар арқылы іске асырылуы тиіс қауіпсіздік, энергетика және адам құқықтары салаларындағы аймақтық ынтымақтастық балансын да қарастырады. АҚШ аталған мақсаттарға жасалатын қадамдарды аймақтық негізде іске асыру тиімді деп санайды [15, с. 12]. Аталмыш жоба өзінің батылдығымен, прагматтық сипатымен, көлемдігімен, превентивті талдануымен ерекшеленеді. Бірақ Орталық Азиядағы жаңа геосаяси жағдайдың пайда болуы барысында АҚШ көптеген экономикалық, қауіпсіздік және саяси-әлеуметтік мәселелердің байыбына бара алмады. Осы себептер АҚШ-тың ҰОАЖ іске асыруда кедергі келтіруде.

Орталық Азия мен Ауғанстанға қатысты АҚШ-тың жаңа көзқарасы ресми деңгейде алғаш рет 2005 жылдың қазанында жарияланып кейіннен, Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік департаментінің мәлімдемелерінде қайталанды. Аталмыш жаңа позиция АҚШ президенті Дж. Буштың 2006 жылдың наурыз айының бас кезінде Пакистанға жасаған сапарының нәтижелері жөніндегі Ақ үйдің пресс-релизі мен 2006 жылдың наурыз айының орта шенінде жарияланған ұлттық қауіпсіздік стратегиясында көрініс тапты.

Жаңа тәсілге сәйкес, АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінде құрылымдық реформалар жүзеге асырылды және «Орталық Азияда инфрақұрылымдарды интеграциялау бойынша бастама» деп аталатын жаңа бағдарламаны іске асыру қолға алынды. Аталмыш жаңа бағдарламаны жүзеге асыру АҚШ-тың сауда және даму Агенттігіне жүктелді. Аталған бағдарламаның міндеттері ретінде Ауғанстанды Оңтүстік Азия және Орталық Азия елдерімен байланыстыратын жеткіші орынды Кабул иемденетін көліктік-транспорттық инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды атауға болады.

Сонымен қатар, АҚШ-тың Орталық Азияға қатысты ұстанған ресми аймақтық саясаты жоғарыда аталған ғылыми-зерттеу институт ұсынған жобадан концептуальды айрмашылығы бар екендігін атап өту қажет. Атап айтқанда, Институт ұсынған жобада құрамына Ауғанстан кірістірілген Үлкен Орталық Азияны құру, сондай-ақ аталған географиялық бірлік Ауғанстан есебінен Оңтүстік Азия елдерімен (Пакистан, Үндістан, Бирма, Бангладеш, Бутан, Мальдив, Непал, Шри-Ланкамен) тығыз байланыстар орнату көзделді. Өз кезегінде, АҚШ-тың ресми саясаты

Оңтүстік және Орталық Азияны біріктіру арқылы біртұтас аймақ құруды, ал Ауғанстан бұл аймақта тек жалғастырушы буын ретінде қарастырылған концепцияға негізделді.

Аталған мәселенің жалпы контекстінде АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінде 2006 жылдың бас кезінде реформалар іске асырылды. Осы орайда, аталған реформалардың мәнін түсіндіре келе (2006 жылдың 5 қаңтарында), сол кездегі Мемлекеттік хатшы К. Райс: «Мемлекеттік департаменттегі реформалар барысында біз іске асырған жұмыстың маңыздыларының бірі – ол Орталық Азияның республикаларын Еуропалық бюродан (бұл республикалардың кезінде КСРО құрамында болуы себепті), Ауғанстан, Пакистан және Үндістандағы істерге жауапты Оңтүстік Азия бюросына көшіру болды» деген мәлімдеме жасады [16, с.129-130].

Дегенмен, АҚШ-тың аталмыш жобаны іске асыруда басты әрі маңызды екі мәселені еңсеруі тиіс екендігін атап өткен жөн. Оның біріншісі, АҚШ аталған концепция бойынша Үлкен Орталық Азия жобасын жүзеге асырған жағдайда, Каспийлік-Орталық Азия аймағын модернизациялау ісінің қарқыны бәсеңдеуі, тіпті мүлдем тоқтап қалуы мүмкін. Ал бұл дегеніміз АҚШ-тың жалпы Үлкен Орталық Азия мен Кавказ құру жобасынан өз еркінен бас тарту дегенді білдіреді. Ал екінші кедергі – ол Ауғанстанда осы кезге дейін түпкілікті бейбіт жағдай мен тұрақтылықтың орнамауы.

Нәтижесінде, жоғарыда жасалған сараптаудан, АҚШ-тың қазіргі кездегі геосаяси амалдары мен мақсаттары аймақтың инфрақұрылымдарын қалыптастыру тек оңтүстік бағытта бағытталған. Бұндағы басымдылық энергиялық дәліздерді қалыптастыру, Ауғанстанның компаниялары мен АҚШ-тың геосаяси табыстарын қысқа және орта мерзімде Каспий аймағында қамтамасыз ету. Бұл жерде ең басты міндет АҚШ өзінің жеке геосаяси мүдделерін сақтауға және нығайтуға, сондай-ақ, аймақ елдерінің сыртқы саяси бағдарларының Вашингтонға тиімді контексте дамуын және трансформациялануын қамтамасыз етуі тиіс. Бұдан өзге, институт даярлаған жобаның алғашқы нұсқасынан ресми Вашингтон аймақта қалыптасқан күрделі жаңа жағдайларға байланысты бас тартуға мәжбүр болғандығын атап өту қажет.

Жалпы, американдық сарапшылар Барак Обамаға Дж. Буш әкімшілігінен мұраға қалған «Үлкен Орталық Азия» (ҮОА) концепциясын жүзеге асыру болашағына скептикалық баға беруде. Бірақ Б. Обаманың кеңесшілері аймақ

елдері арасындағы берік байланыстар мен мәдени қатынастардың болмауына және әлемдік жаһандану үдерісінің қарқынды жүруі аймақтағы тұрақсыздыққа ұрындыру ықтималдылығын ескерместен аталмыш концепцияны жүзеге асыруға кіріскен сыңайлы.

ҮОА жобасын іске асыруда АҚШ бетпе-бет келіп отырған бүгінгі мәселелер, бұл концепцияны іске асыруды біржола күн тәртібінен алынып тасталды дегенді білдірмейді. Себебі, ҮОА жобасында белгіленген мақсаттар орта және ұзақ мерзімді уақытқа есептелген. Қазіргі таңда АҚШ-тың аймақтағы бастамалары ҮОА жобасы ауқымынан тыс шығып отырған жоқ. Сондықтан аталған мақсаттар Орталық Азия мемлекеттерімен екі тарапты келісімдер негізінде жүзеге асырылуы әбден мүмкін. Мәселе тек, аймақ елдеріне билікке қандай күштер келеді және қашан келеді дегенге саяды.

«Үлкен Таяу Шығыс» және «Үлкен Орталық Азия» жобаларының өзара байланысы туралы айтар болсақ, онда олардың жүзеге асырылуы, Вашингтонның Таяу Шығыстағы саясаты қаншалықты деңгейде сәтті жүзеге асатындығымен Ауғанстандағы жағдайдың оңды дамуына байланысты болмақ. Таяу Шығыстағы соңғы оқиғаларды есепке ала отырып, АҚШ-тың орта мерзімде аталған «мегажобаларды» іске асыруда райынан қайта қоймағандығын көруге болады [17]. Ал Орталық Азияны біртұтас аймақ ретінде Еуро-Атланттық кеңістікке интеграциялау мәселесі американдық стратегияның ұзақ мерзімді күн тәртібінде тұрғандығын байқауға болады.

Қорыта айтқанда, ҮОА – құрамына Каспий, Орталық Азия, Орта Шығыс пен Оңтүстік Азия кірістірілетін бүкіл Еуразияны Вашингтонның көлемді бақылауындағы геэкономикалық кеңістікке айналдыру стратегиясының бір бөлігі ретінде қарастыруға болады. Сонымен, АҚШ-тың стратегиялық жоспарлау ауқымында теориялық тұрғыдан оңтүстікте Ресей мен Қытай шекарасының периметрлері бойынша «санитарлық дәліз» мүмкіндіктері де қарастырылған. Ал, геосаяси ойын алаңының аймақтық бәсекелестігінің қатысушыларының ауқымы Ақ үйдің мүддесіне сай кеңейтілген.

Билікке Б. Обама бастаған әкімшіліктің келуін көптеген сарапшылар Вашингтон Орталық Азияға қатысты өзінің сыртқы саяси стратегиясын белсенді түрде қайта қарайды, атап айтқанда, «Үлкен Орталық Азия» құру концепциясынан бас тартады деген үмітте болды. Алайда үміт ақталмады. Ауғанстанда әскери опера-

цияның жалғаса беруі, Орталық Азия арқылы өтетін көлік жолдарын пайдалануға жол ашып берді. Бұл әрине, Ресей мен Қытайдың мазасын алып отыр. Вашингтонның қазіргі кездегі саясатында геостратегиялық сипат басым. Ал бұндай жағдай 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі оқиғадан соң АҚШ ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз

ету үшін аймаққа жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр болды. Бұдан өзге, Пакистандағы саяси жағдайдың тұрақсыздығы мен Исламабад пен Дели арасындағы қатынастардың ушыға түсуі, Ауғанстандағы әскери топты қамтамасыз ету үшін АҚШ-қа ТМД территориясы арқылы өтетін сенімді тасымалдау маршруты қажет болды.

Әдебиеттер

- 1 Мюллер Ф. Надежность снабжения. Риски международного энергоснабжения // *Internationale politik*. – 2003. – №2. – С. 6-8.
- 2 Кыдырбекулы Д.Б. Геостратегия США в Казахстане: от глобального к малому измерению. – Алматы: «МерСал», 2003. – С. 89.
- 3 Кыдырбекулы Д.Б. Роль США в мировой политике: влияние на Казахстан. – Алматы: ТОО «Комплекс», 1999. – 122 с.
- 4 Гаджиев К.С. Введение в политическую науку. – М.: Институт «Открытое общество», 1997. – 541 с.
- 5 A National Security Strategy for a New Century. Washington, D.C.: The White House, May 1997 // <http://history.defense.gov/resources/nss1997.pdf>
- 6 Прокофьев И. О балансе геополитических интересов в Центральной Азии // *Сотрудничества стран Центральной Азии и США по обеспечению безопасности в регионе. Материалы международной конференции/под ред. М.С. Ашимбаева и Дж. Меннуги*. – Алматы: ИМЭП, 2005. – С.34-36.
- 7 Ferguson N. *Colossus: The Price of America's Empire*. – New York: Penguin Press, 2004. – 400 p.
- 8 Fuller G.E. *Central Asia. The New Geopolitics*. Prepared for the Under Secretary of Defense for Policy. – Santa Monica: Rand Corporation, 1992. – 86 p.
- 9 Казанцев А.А. Пять сценариев будущих границ Центральной Азии // http://russiancouncil.ru/inner/?id_4
- 10 Старр Ф. Партнерство для Центральной Азии // http://www.globalaffairs.ru/number/n_5459
- 11 Hill F. The United States and Russia in Central Asia: Uzbekistan, Tajikistan, Afganistan, Pakistan, and Iran // <http://www.brookings.edu/research/speeches/2002/08/15russia-hill>
- 12 Rasizade A. Entering the old «Great Game» in Central Asia // *Orbis (Philadelphia)*. – 2003. – Vol. 47, № 1. – P. 41-58.
- 13 Коэн Ф. США, страны Центральной Азии и Кавказа: проблемы и перспективы взаимоотношений // *Центральная Азия и Кавказ*. – 2000. № 2 (8). – С. 29-50.
- 14 Чжао Хуашэн. Китай, Россия, США: интересы, позиции, взаимоотношения в Центральной Азии // *Центральная Азия и Кавказ*. – 2004. – № 5 (35). – С. 131-140.
- 15 Кукеева Ф.Т. Проект «Большая Центральная Азия»: оценка идеи // *Стратегическое партнерство США и Казахстана в XXI веке: состояние, проблемы, перспективы: Материалы «круглого стола» / под ред. М.Е. Шайхутдинова*. – Алматы: ИМЭП, 2008. – С. 11-16.
- 16 Hunter Sh.T. *Central Asia since Independence*. The Center for Strategic and International Studies. – Washington D.C., London: Westport; Connecticut, 1996. – 240 p.
- 17 Лаумулин М.Т., Кукеева Ф.Т. Внешнеполитическая стратегия администрации Б. Обамы и политика США на постсоветском пространстве. Учеб. пособие. – Алматы: КазНУ, 2012. – 122 с.

References

- 1 Myuller F. Nadezhnost snabzhebiya. Riski mezhdunarodnogo energosnabzheniya. // *Internationale politik*. – 2003. – № 2. – S. 6-8.
- 2 Kudyrbekuly D.B. Geostrategiya SShA v Kazakhstane: ot globalnogo k malomu izmereniyu. – Almaty: «MerSal», 2003. – S. 89.
- 3 Kudyrbekuly D.B. Rol SShA v mirovoi politike: vliyanie na Kazakhstan. – Almaty: TOO «Kompleks», 1999. – 122 s.
- 4 Gadzhiev K.S. Vvedenie v politicheskuyu nauku. M.: Institut «Otkrytoe obshchestvo», 1997. – 541 s.
- 5 A National Security Strategy for a New Century. Washington, D.C.: The White House, May 1997 // <http://history.defense.gov/resources/nss1997.pdf>
- 6 Prokophev I.O. O balance geopoliticheskikh interesov v Tsentralnoi Asiyi // *Sotrudnichestva stran Tsentralnoi Asiyi i SShA po obespecheniyu besopasnosti v regione. Materialy mezhdunarodnoi konferentsii/ pod red. M.S. Ashimbayeva i Dzh. Mennuti*. – Almaty: IMEP, 2005. – S.34-36.
- 7 Ferguson N. *Colossus: The Price of America's Empire*. – New York: Penguin Press, 2004. – 400 p.
- 8 Fuller G.E. *Central Asia. The New Geopolitics*. Prepared for the Under Secretary of Defense for Policy. – Santa Monica: Rand Corporation, 1992. – 86 p.
- 9 Kazantsev A.A. Pyut sstenariyev budustikh granits Tsentralnoi Asiyi // http://russiancouncil.ru/inner/?id_4

- 10 Starr F. Partnerstvo dlya Tsentralnoi Asyi // http://www.globalaffairs.ru/number/n_5459
- 11 Hill F. The United States and Russia in Central Asia: Uzbekistan, Tajikistan, Afganistan, Pakistan, and Iran // <http://www.brookings.edu/research/speeches/2002/08/15russia-hill>
- 12 Rasizade A. Entering the old «Great Game» in Central Asia // Orbis (Philadelphia). – 2003. – Vol. 47, № 1. – P. 41-58.
- 13 Koen F. SSha, strany Tsentralnoi Asiyi I Kavkaza: problemy I perspektivy vzaimootnoshenii // Tsentralnaya Asiya i Kavkaz. – 2000. № 2 (8). – S. 29-50.
- 14 Chzhao Khuashen. Kitai, Rossiya SSha: interesy, postsii, vzaimootnosheniya v Tsentralnoi Asiyi I Kavkaz // Tsentralnaya Asiya I Kavkaz. – 2004. – № 5 (35). – S. 131-140.
- 15 Kukeeva F.T. Proekt «Bolshaya Tsentralnaya Asiya»: otsenka ideii // Strategicheskoe partnerstvo SSha i Kazakhstana v XXI veke: sostoyanie, problemy, perspektivy: Materialy «kruglogo stola» / pod red. M.E. Shaikhutdinova. – Almaty: IMEP, 2008. – S. 11-16.
- 16 Hunter Sh.T. Central Asia since Independence. The Center for Strategic and International Studies. – Washington D.C., London: Westport; Connecticut, 1996. – 240 p.
- 21 Laumulin M.T., Kukeeva F.T. Vnesnepoliticheskaya strategiya administratsii B. Obamy i politika SSha na postsovetskom prostranstve. Ucheb. posobie. – Almaty: KazNU, 2012. – 122 s.